

«Отандық білім беру кеңістігінде ЭКСПО-2017 «жасыл технология» бағытында оқытудың инновациялық әдістерін қалыптастыру м»селелері» атты Республикалық оқу-әдістемелік конференциясының материалдары

Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы
биология оқытушысы - Үсенбекова Айнагұл Ермекбайқызы
биология оқытушысы - Амзееев Рауан Есенгелдіұлы

Қойдың жаңа қолтүқымы

Жер бетінде адамзат қойды бұдан 10-11 мың жыл бұрын қолға үйреткенін ғалымдар ділелдеп отыр. Қойдың алғаш қолға үйретілген орталықтары: Жерорта теңізінің маңы, Орта Азия, Қазақстан, Орталық Азия, Оңтүстік Африка болып табылады.

Үй қойының арғытегі – *жасабайы қой муфлон* және *арқар*. Халқымыз қойдан тұрмысқа қажетті жүн, тері, елтірі және тағамдық өнімдер - ет, май, сүт алады. қазақ халқы «қойдың сүті қорғасын» деп ежелден бағасын беріп қойған. Ертеден кең тараған қойдың қолтүқымдары етті - майлы бағытта өсірілген. Халық көпжылдар нәтижесінде сұрыптау арқылы қойдың көптеген қолтүқымдарын шығарған, мысалы - *еділбай қойы, бағаналы қойы, ыргыз қойы, сарыс қойы, қарқаралы қойы*, т.б. қойдың қолтүқымдары жатады. Еділбай қойы кезінде Бөкей хан Ордасында өсірілген деген деректер бар.

Қазіргі кезде Жетісу мен Шу өнірінде құйрықты қоңыр қой өсіріледі. Әрбір аймақтың табиғи жағдайына бейімделген қолтүқымдарын халық ғасырлар бойы іріктеп, сактап отырған. Монголиядағы Баян - Өлгий аймағында алтыншы ғасырдан эйгілі болған қолтүқым – қазақы қызылқой, ол басқа мал шыдамайтын қыстың қатал аязына да бейімделген. Оны жергілікті халық өте жоғары бағалап, әлі күнге дейін сактап, өсіріп келеді.

Еліміздің қой шаруашылығы саласында ерен еңбегімен құрметке бөлленген, Еңбек Ері атағын екі рет алған Жазылбек Куанышбаевты мақтан етеміз. [2]

Қазақстандағы қой шаруашылығы еліміздің әрбір аймағының табиғат ерекшеліктеріне сәйкес төрт бағытта жүргізіліп келеді, атап айтсак:

1.Биязы жұнді қолтүқымдар.

Жұні сапалы, жінішке салалы, биязылығымен ерекше. Осы бағытта қойдың сегіз тұқымы өсіріледі. Дүние жүзілік сұрыптау жетістіктердің бірі, әрі еліміздің мақтанышы – Қазақстанда шығарылған *арқар - меринос қойы*. Ол 1934-1950 жылдары арқардың құлжасы мен жергілікті

саулық қойларды жұптастыру арқылы алынған болатын. Бұл – Қазақстандық ғалымдар И.С.Бутарин, Ә.Есенжолов, А.Жандеркин, т.б. ғалымдардың ұзақ жылғы ғылыми еңбектерінің жемісі. Арқар - меринос қолтүқымы таулы аймақтың табиғатына өте төзімді мал. Қазіргі кезде Алматы, Павлодар, Шығыс Қазақстан аймақтарында көптеп өсіріледі. Қазақтың биязы жұнді қойы – 1934 - 1946 жылдар аралығында қазақстандық белгілі ғалым В.А.Бальмонттың жетекшілігімен шығарылды. Қолтүқым Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде өсіріледі. *Оңтүстік қазақ меринос қойы* – Жамбыл мен Оңтүстік Қазақстанда өсірілетін жұнді - етті бағыттағы қолтүқым. *Солтүстік қазақ меринос қойы* – Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстанда өсіруге бейімделген.

2. Жартылай биязы жұнді қолтүқымдар.

Қазақстанда биязы жұнді қолтүқымдардан *дегерес*, қазақтың *етті* - жұнді, *гемпшир* және *кроссбред* қолтүқымдары өсіріледі. Дегерес қойы – етті - жұнді, әрі етті - майлы (құйрықты) бағытта, шөл - шөлейтті жердің табиғатына бейімделген. Ол Орталық және Оңтүстік Қазақстан өңірінде де өсіріледі.

3. Ұяң жұнді құйрықты қолтүқымдар.

Елімізде бұл бағытта *қарғалы* және *сараджын* қолтүқымдары бар. Қарғалы қойы қазақтың қылышық жұнді, құйрықты саулықтарын еділбай, дегерес қойларының қошқарларымен жұптастыру арқылы шығарылған. Ол әрі етті, әрі жұнді мол беретін қолтүқым. Көбінесе Қарағанды өңірінде өсіріледі. Сараджын қойы ертеде Түркіменстанда халықтық сұрыптаудың нәтижесінде шығарылған. Жұннің түсі ақ, жібек тәрізді талшықтары біркелкі, кілем тоқуға ыңғайлы. Қазақстанның батысында негізінен Ақтөбе алқабындағы шөлейтті жерлерде өсіріледі.

4. Қылышық жұнді құйрықты қолтүқымдар.

Қазақстанда бұл бағытта *еділбай*, қазақтың қылышық жұнді және *қаракөл* қойлары өсірілуде. Еділбай қойы еліміздің батыс аймағында ертеден өсіріліп келеді. Еті дәмді, жұні мол, шөл - шөлейтті жерлерге бейім, ірі тұлғалы. Қазіргі кезде еділбай қойы Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қарағанды өңірінде өсірілуде. Қазақтың құйрықты қылышық жұнді қойы – Қазақстанда ертеден келе жатқан қолтүқым. Ол шөл - шөлейтті аймақта өсіруге ыңғайлы. Ақмола, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарында өсіріледі. *Қаракөл қойы* – әдемі және қымбат бағалы елтірісі арқылы дүниежүзіне белгілі қой тұқымы. Ол бұдан 3-3,5 мың жыл бұрын Орта Азия жерінде халықтық сұрыптау тәсілімен шығарылған. Оның 2-3 күндік сойылған қозыларының елтірісі өте бағалы

болады. Қаракөл қойы құрғақ далалы, шөл-шөлейтті аймақта өсіруге бейімделген. Қатаң ауа райына шыдамды, тұлғасы берік, терісі жүқа, бірақ тығыз. 1990 жылдары Қазақстанда қаракөл қойының саны 6 млн болса, 2000 жылғы саны 2 млн шамасында. Қаракөл қойы Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Маңғыстау облыстарында өсіріледі. Қой шаруашылығы – қазақ халқының ежелден келе жатқан тарихи дәстүрлі мал шаруашылығының саласы. Халқымыздың тұрмыс тіршілігі, құнкөріс көзі қой шаруашылығымен тікелей тамырласып жатыр. “Мал өсірсөң қой өсір, өнімі оның көл - көсір” деген сөздерде терең ұғым бар. Мүшел жыл санауда қой 8 - жыл. Қой да киелі түліктің бірі. Оның пірі – “Шопан ата” деп аталады. Сондықтан Шопан атадан тілеу тілегенде “малды берсөң, қойды бер” деп өтінген. “Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақжаулық, үшінші байлық – он саулық” деген ұғым қойға қатысты. Он саулықтың басын құрайтын кәсіптің иесі – шопан.[1]

Соңғы жылдары Шымкенттік ғалымдардың селекция тәсілі арқылы жаңа «**Ордабасы**» деп аталатын асыл тұқымды қойды шығарды. Бұл қойдың қолтұқымына сұраныс зор, көрші Ресейліктер де қызығушылық танытып отыр. Жаңа тұқымды қойлар ыстыққа, суыққа төзімді келеді, шөлге шыдамды дейді шопандар. Жұні аз, есесіне еті мол. Төрт айлық қозының орташа салмағы 40 келі тартады. Ірі, сақа саулықтардікі - 70-90, ал қошқарларының салмағы шамамен 95-тен 120 келіге дейін жетеді. Еттілігіне байланысты мұндай қой тұқымы қазірдің өзінде аса өтімділігін көрсетуде. Облыста қазір бірнеше шаруашылық қойдың осы тұқымын өсірумен айналысада. Ордабасы, Қазығұрт, Сарыагаш, Отырар және Сайрам аудандарындағы бірнеше шаруа қожалығында қазір 30 мыңдан астам осындай қой бар. Енді алда олардың санын көбейту міндеті тұр.

Қаракөл елтірісіне де сұраныс елі күнге жоғары. Қолда бар бірлі-екілі елтірінің өзін көрші Қытай мен Түркия елдері қоймай сатып алғып жатыр. Демек, Шопан ата тұқымының осы түрін шұғыл жандандыру қажет дейді мамандар. Институт ғалымдары жуырда көк елтірі өндіру жобасын іске қоспақ. Алдағы онжылдықта Ордабасы тұқымды қойлар еліміздің барлық өніріне таралуы мүмкін. Ордабасы тұқымы шопандардың еңбегін екі есе ақтайды деп үміт басым. [3]

Қорытынды ұсыныс:

1. Қой еті құнды азық, жұні киім, сондықтан қой шаруашылығын өркендету қажет.

2. Қойдың терісін өндеп, илейтін орындар ашып, халқымыздың бұрынғы дәстүрлі өнерін жаңдандыру керек. Оның жаңашыл технологиясын игеру қажет.

3. Жаңа қолтүқым – **Ордабасы қой басын көбейту керек**, себебі, басқа қолтүқымдармен салыстырғанда оның еті екі есе мол.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Биология. 2007 ж Алматы “Атамұра” баспасы.
2. Шаңырақ. Үй – тұрмыс энциклопедиясы. 1991 ж
3. Интернет сайты: www.inform.kz